

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
Аяған Бүркітбай Гелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжесхан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожасметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы
Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым
Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
 Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
 Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
 Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
 Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
 Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
 Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
 Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
 Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
 Кожамжарова Дария Пернеишовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
 Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
 Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
 Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
 Кумек Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
 Матыжанов Кенжесхан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
 Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
 Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
 Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
 Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
 Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
 Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
 Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
 Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 30-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАМЕКЕНЕН КӨШУІ

Исенов О.И.

Т.ғ.к., профессор. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.
Қазақстан, Қостанай қ.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада XX ғасырдың 20-30 - шы жылдарындағы Кеңес өкіметінің байлардың шаруашылығы мен байлығын тәркілеу, қазақ халқын дәстүрлі көшпенділік шаруашылығын жойып, жаппай отырықшыландыру және ұжымдастырудағы солақай саясатының нәтижесінде жаппай ашаршылыққа ұшырады. Ашаршылық зардабын тартқан халық атамекенінен ауа көшуге мәжбүр болды. Мақала аталған мәселелердің тарихына қатысты тарихнамалық, тарихи демографиялық мазмұндағы еңбектермен ғылыми еңбектерді саралау негізінде жазылған. Сонымен қатар, 30-шы жылдардың басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі қазақ халқының аштықтан құтылудың амалын іздеп, атамекендерін тастап көшіп кетті. Орта Азия республикалары мен Ресей жеріне қоныс аударып барған қазақ халқының орналасуы мен бейімделуінің жайы, салыстырмалы ғылыми талдаулар арқылы қарастырылады. Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ көшпелілері: орналасуы мен бейімделуі» атты ғылыми жоба аясында дайындалды.

Түйін сөздер: бейімделу., орналасу, қоныс аудару, ұжымдастыру, тәркілеу, қазақ халқы, Кеңес өкіметі, солақай саясат, ашаршылық, атамекен

ГОЛОД 30-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: ОТКОЧЕВКА КАЗАХОВ ИЗ СТРАНЫ

Исенов О.И.

К.и.н., профессор. Костанайский региональный университет им. А. Байтұрсынова.
Казахстан, г. Костанай.

Аннотация. *Введение.* В статье автор рассматривает массовый голод в 20-30-е годы XX века который стал результатом целого комплекса политических мер – конфискации имущества зажиточных казахов, отмены традиционного кочевого хозяйства, массового переселения и миграции, и также политики коллективизации. Пострадавшее от голода население было вынуждено переселиться за границы своей Родины. Статья основана на анализе научных трудов историографического, историко-демографического содержания. Кроме того, автором проведен сравнительный анализ размещения и адаптации казахских переселенцев на новых землях – странах Средней Азии, Китая, Индии. Откочевка казахов за пределы своей страны наблюдалась и раньше в истории Казахстана – XVIII в., 1916 год, 1920-е годы. Но рассмотрение вопроса откочевки в 1930-е годы рассматривался в исторической науке не часто.

Ключевые слова: Советская власть, казахский народ, конфискация, коллективизация, политика, голод, родина, переселение, поселение, приспособление.

FAMINE OF THE 1930s IN KAZAKHSTAN: THE MIGRATION OF KAZAKH FROM THE COUNTRY

Issenov O.I.

Candidate of Historical Sciences, Professor.A. Baitursynov Kostanay Regional University.
Kostanay, Kazakhstan.

Abstract. Introduction. In the article, the author examines the mass famine in the 20-30s of the twentieth century, which was the result of a whole range of political measures – the confiscation of property of wealthy Kazakhs, the abolition of the traditional nomadic economy, mass resettlement and migration, and also the policy of collectivization. The population suffered from hunger was forced to move outside the borders of their homeland. The article is based on the analysis of scientific works of historiographic, historical and demographic content. In addition, the author has carried out a comparative analysis of the placement and adaptation of Kazakh immigrants to new lands – the countries of Central Asia, China, India. The migration of Kazakhs outside their country was observed earlier in the history of Kazakhstan - XVIII century, 1916, 1920s. But consideration of the issue of migrations in the 1930s was not often considered in historical science.

Keywords: Soviet power, Kazakh people, confiscation, collectivization, politics, famine, homeland, resettlement, settlement, adaptation.

Кіріспе

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан маусымдық: жаз жайлауға, қыс қыстауға, күзде кеземге, көктемде көктеуге көшетін көшпенділік дәстүрлі малшаруашылық мәдениетін Кеңес өкіметінің халқымызды отырықшылыққа айналдырудағы ұстанған солақай саясаты дағдарысқа ұшыратты. Дәстүрлі көшпенділік төрт түлік малшаруашылығына негізделген мәдениетіміздің бұзылуына негіз болған, отырықшылыққа айналдырумен қатар, ұжымдастыру, бай-құлақтарды тәркілеу, кейіннен орта шаруаларда тәркілеуге ұшыраған жағдайларда орын алды. Осындай қызыл империяның солақай саясатының салдарынан қазақ халқы өз жері, ата қонысында, аштыққа ұшырап баудай қырылды. 1931-1933 жылдардағы үлкен ашаршылық қазақ ұлтына нәубет әкелді. Бұл нәубет қызыл империя коммунист «көсемдерінің» қазақ халқын қайыршыландыру қырып-жою арқылы қазақ халқын өз жері, атамекенінде аз ұлтқа айналдыруды көздеген құпия саясаты жатты. Мұның негізінде қазақтың мал байлығымен жер байлығына еркін қожалық ету, яғни патша үкіметінен мирас болған адам құқын таптаған, шовонистік саясат «бөліп алда, билей бер», саясатының өзгерген түрі жүзеге асып жалғасты. 30-шы жылдардағы үлкен зұлматтан құтылудың жолын іздеген халқымыз, көршілес республикаларға, әрісі Орта Азиямен, шет елдерге бас сауғалап, еріксіз қоныс аударып босуға мәжбүр болды. Қазақ даласындағы ашаршылық Кеңес үкіметінің адамзатқа қарсы қолдан ұйымдастырған қылмыстық қанды қырғыны болды. Мәселені тәуелсіз елдің тарихы тұрғысынан зерделеу тақырыптың өзектілігін дәлелдей түседі.

Материалдар мен әдістер

XX ғасырдың 30- шы жылдарының бас кезіндегі қазақ халқының зұлмат жылдарындағы әлеуметтік күн көріс жағдайы және көші-қон қозғалысының зерттелу деңгейін анықтауда, отандық және шетел тарихшы ғалымдарының тақырыбымызға қатысты зерттеу еңбектері пайдаланылды. Тақырып мазмұнын ашу мақсатында, талдау жүргізуде ғылымның негізгі заңдылықтарына сүйендік. Тарих ғылымындағы тарихилық, объективтілік және әлеуметтік

қағидалармен қатар тарихи-салыстырмалы, нақты және логикалық талдау, ретроспективті, мерзімдемелік, өзектілік әдістері пайдаланылды. Тарихнамалық деректер мен фактілерге баға беру тарихнамалық талдау арқылы жүзеге асырылды. Мақалада 30-шы жылдардағы қазақ халқының демографиялық ахуалы мен ата қонысын тастап, ауа көшіп кетуге мәжүбірліктен туындаған көші-қон қозғалыстарының бағытын зерттеуші отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалды. Ғалымдардың еңбектеріне баға беруде ұлттық мүдде тұрғысынан қаралды. Сонымен бірге бірегейлік ұстанымдары мен отандық тарих ғылымында орныққан эталондық тарихнамалық фактілер басшылыққа алынды.

Талдау

Кеңестік дәуірде алғашқылардың бірі болып қазақ халқының саны, құрамы, орналасуы жайында зерттегендердің бірі, Мұхамеджан Тынышпаев ол зерттеуінде: Үкіметтің көздегені белгілі: біріншіден, жабайы да тағылық репрессияларымен және тіл, салт-сана, дін һәм руханият атаулыны орыстандырмақ; екіншіден, түрлі әкімшілік шаралармен, әкімдермен, ережелермен қазақты құқықсыз, заңнан тыс етпек; үшіншіден, оларды қаны сіңген, сүйегі көмілген өз жерінен айырып, шөл-шөлейт жерге қуып, өлім құшағына тапсырмақ болған үкімет саясатын әшкереледі (Тынышбаев, 1906: 23). Мырзағазы Есболұлы Кеңестік кезеңде халықтың хал-ахуалына назар аударып, ол үшін күрес жүргізген қазақ зиялыларының бірі – Мырзағазы Есболұлы еңбегінде: Түркістан өлкесінің материалдары бойынша жер мәселесінің ушығуын сырттан ағылған көші-қоншылар санының артуымен тікелей байланыстырады. Автор нақты деректерге сүйене отырып, Түркістанды отарлау барысында көші-қон қозғалысына тартылған өзге жұрт өкілдерінің саны арта түскенін анықтады. Сонымен қатар келімсек атанған көші-қоншылардың барлық жері жергілікті халықтардың жерінен 15 есе артық екендігін дәлелдеді. Ол бір кездері Ресей империясынан кейінгі кеңестік қызыл империя жалғастырған орыс отаршылдарының орыс көші-қоншыларының санын арттыру арқылы жүзеге асыруға талпынғандығын да дәлелдеген. Қазақ жерінің байлығына шикізаттық ұстанымын қалыптастыру арқылы, Ресейге барынша тәуелді ету бағытынан бастау алатындығын айтты (Есболұлы, 1923:62). Ал Мұстафа Шоқай кеңестік үкіметтің жер саясатына қатысты: «Құлаған патшалық ескі саясатын еске түсіреді» деген. Түркістанда «Орыс пролетариатының диктатурасы» орнады. Жаңа формадағы ұлт саясаты орыс өкіметінің пайдасына қызмет ететіндігін дәлелдеді. Мұстафа Шоқай еңбегінде, большевиктік жүйеге адам құқығы, демократия мен ұлт бостандығы секілді жалпы адамзаттық асыл құндылықтардың жат екендігі жөнінде бұлтартпас қорытындылар жасап, әлем жұртшылығына түрік халықтарының тәуелсіздік үшін күресінің заңдылығын, әділеттігін жеткізді. 1931 жылы жазылған «Ақ-Қызыл» атты мақалада большевиктердің әлеуметтік әділеттілік пен теңдікті, бостандық пен азаттықты ту етіп көтерген социализмі сынға алынады. Тарихи тұлға «социализм - экономикалық теория болумен бірге, ұлттық теория да болып табылады. Барлық ұлттардың барлық жағынан теңдігі қамтамасыз етілмейінше, нағыз социализм туралы сөз болуы мүмкін емес» (Шоқай, 1998:154), екендігін жеткізді. Сонымен қатар Мұстафа Шоқай өз мақалаларында Түркістанның байырғы халықтарының Қазан төңкерісіне ешқандай қатысы болмағандығын айтып, пролетариат диктатурасы шын мәнінде орыс диктатурасы болып отыр деген қорытындыға қайта-қайта жүгінеді. Жергілікті газеттердің материалдарына сүйеніп, 1935 жылы жазылған «Атамекен жағдайы» атты мақалада Түркістанда жүргізіліп жатқан ашық террор, Кеңес өкіметінің халықты жаппай қуғын сүргінге ұшыратуы, азапқа салуы, аштыққа душар етуі мен жүздеген, мыңдаған жазықсыз жандардың атып өлтірілуі туралы жұртшылыққа жеткізді (Шоқай, 1998:215).

1926 жылы Телжан Шонанұлының «Қазақ жер мәселесі тарихы» (Шонанұлы, 1998:224) еңбегінде аграрлық көші-қон патша өкіметінің отаршылдық саясатымен тығыз байланыста

қарастырылып, қазақ жеріне қоныс аударылған келімсектерге қатысты үкімет саясатын ашып айтты. Қоныс аудару саясатының нәтижесінде, «Қазақ жерлері отар аймаққа айналдырылып, қазақтар жерсіз қаңғырып өз атамекендерінен көше бастаған», қазақтардың өзі де көші-қон процестерінің иіріміне амалсыздан енгендігіне алғаш көңіл бөлді. Қазақ арасында сыртқа көшу және ішкі көші-қон процестерінің үдей түсуін отаршылдық саясатпен байланыстыра отырып: «Қазақты жерден қуып, қазақты переселенге айналдыру – отаршылдар жұмысының бірінші жемісі. Қазақтың отырған жерін жүрдай қылып талап, қазақты атамекенінен айдап, қолайсыз жерге ықтырып тастау – отаршылдар жұмысының екінші жемісі» екендігін жазып, мәселенің мән-жайын ашып көрсетті. Тұрар Рысқұлов 1933 жылы 9 наурызда И.Сталинге меморандум жазып, осы мәселеге байланысты оны қабылдауды сұрады. Ол елді жайлаған аштықтың салдарынан ата қонысынан ауған қазақтардың саны және олардың жағдайымен қазақ жұмысшылары жөніндегі ұлт саясатының бұрмалануы туралы мәселені көтерді. Ол аштықтан күйзелген халық жан сақтау үшін ата қонысын тастап ауа көшіп кеткендер туралы нақты мәліметтер қалдырды. Халықтың көші-қон мәселесі М.Әуезовтың 1930 жылы шыққан «Қазақстандағы ұлттар» деген еңбегінде де көрініс тапты. Ал ұлт мүддесін көздеген Смағұл Сәдуақасов байларды тәркілеу саясатына ашық қарсы болды. Ол өлкелік партия комитетінің IX пленумында сөз сөйледі (Сәдуақасов, 1993: 86). 1932 жылы Ораз Жандосовпен бірге халықты аштықтан құтқару жөніндегі арнайы комиссияны басқарды. Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде ұлттық мүддені қорғау, халықтың басына түскен нәубетке қарсы тұрғандықтарына көз жеткіземіз.

30-шы жылдардағы ашаршылық құрбандары тарихына қатысты зерттеумен 1920-1930 жылдардағы Кеңес үкіметінің арнайы тапсырысмен А.Н. Донич пен Н.Д. Трублаевичте айналысты. Олар халықтың саны, құрамы, орналасуы жайында еңбектерін жариялады. А.Н. Донич (Донич, 1930:8). зерттеуінде демографиялық жалпы шолу баяндалса, Н.Д. Трублаевич республикадағы халық санының табиғи өсімі мен ұлттық құрамындағы өзгерістерін қарастырды (Трублаевич, 1930:94). Авторлар ұлттар арасындағы табиғи өсімнің әрқелкі көрсеткішке ие болу себептерін саралады. Деректерді талдамай құр мәліметтерді ғана келтірді. Кейінгі уақыттары демография мәселесіне байланысты еңбектерді жазу тоқтап қалды. Кеңестік қызыл империяның тоталитарлық жүйені басшылыққа алған саясатының үстемдік алған тұсында демографиялық зерттеу жұмыстарының жүргізілмеуіне тыйым салды. Өйткені, 1937 жылы халық санағының қорытындысын жариялауға рұқсат етілмеді. Халық санағын жарияламақшы болғандар саяси тұрғыдан қудаланды. Кейіннен, Сібір, Украина және Қазақстан аймақтарына қатысты 1939 жылғы санақтың ішінара материалдары 1970-1980 жылдары бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде жарияланған болатын. Солардың бірі – қазақстандық белгілі демограф ғалым Мақаш Тәтімовтың «Цифрлар шежіресі» (Тәтімов, 1968;1975) еңбегінде жарияланды.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстандағы 30-жылдардағы ашаршылық: қазақ халқының атамекенен ауа көшуінің мәселелері тәуелсіз елдің тарихы тұрғысынан зерттеле бастады. Қазақстандағы кеңестік биліктің солақай саясатынан туындаған ауылшаруашылығын ұжымдастырудың зардабынан қазақ халқының аштыққа ұрынуының себептері М. Қозыбаев, Қ. Алдажұманов (Қозыбаев, Алдажұманов, т.б. 1992:36), Т. Омарбеков, (Омарбеков, 1994), (Омарбеков, 1997). Б. Аяған, Ж. Қыдыралина, (Б. Аяған, Ж.Қыдыралина, т.б, 2012:454), Ж. Кундакпаева, (Кундакпаева, 2017:412), В.Козина, (Козин, 2007), Н. Аблажей, (Аблажей, 2014:273), Е.Сыдықов (Сыдықов, 2010), тағы басқа ғалымдардың зертеулері баспадан шығып ашаршылық тарихынан сыр ақтаратын халықтың рухани игілігіне айналды. Ашаршылық қасіреті туралы біздің де мақалаларымыз жарияланды (Исенов, Қуекесова, 2017:198), (Исенов, 2020: 6).

Сонымен қатар Қазақстандағы 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтың тарихын зерттеген шетел ғалымдарының еңбектерінде жарық көрді. Олардың зерттеулерінде зұлматтан қаза болған адам шығынына қатысты батыс тарихнамасында мәліметтер әртүрлі көрсетілген. Екі санақ

аралығындағы қазақтың адам шығыны 1 млн. адам шамасында көрсетілген (Pierce, 1960:305), (Seton-Watson, 1962:58), (Inkeles, 1968: 255). Ал М. Олкотт өзінің «Фабрикация социального прошлого: казахи Средней Азии» зерттеу еңбегінде 2 млн. адам шығыны туралы дерекер келтірген (Olcott, 1987:176). Неміс ғалымы Роберт Киндлер зерттеуінде, большевиктердің кеңестендіру саясатын Сталин билігінің зорлық-зомбылықпен жүргізген саясаты қазақ ауылын күштеп отырықшылыққа айналдыру және ұжымдастыру науқанының жүгенсіздігі жан-жақты баяндалады (Кендлер, 2018:328). Ал Американдық зерттеуші Сара Кэмерон Қазақстандағы ашаршылық туралы балалық шағында ашаршылықты басынан кешкен зұлмат куәгері Әбішұлының естеліктерінен бастап, кеңестік саясаттың қазақ халқын қырғынға ұшыратып, босып кетуге жеткізгендіген деректермен дәлелдеген (Кэмерон, 2018:18). Американдық зерттеуші 1930-1933 жылдардағы қазақ даласындағы ашаршылық тарихының негізінен жабық тақырып болып келгендігі туралы өзінің пайымдарымен бөлісті Еңбек авторы мемлекет пен коммунистік партияның құжаттарына, сондай-ақ орыс және қазақ тілдеріндегі ауызша тарих пен естеліктерге сүйене отырып, ашаршылық ақиқатын жазды. Зұлматтың Қазақстан қоғамы үшін ауыр зардаптарын ағылшын тілінде жазып, әлем жұршылығына жеткізді. (Кэмерон, 2018:18). Шетел зерттеушілері аштық кезіндегі қазақ халқының тарыдай шашылып Қытай асып, еуропа елдеріне жетіп тұрақтап қалғандарын өз еңбектерінде жан-жақты баяндады.

Нәтижелері

Өлкелік комитеттің пленумындағы баяндамасында Ф.И.Голощекин: «Қазақтардың ұлттық сана сезімі өсіп келе жатқанын», ал мұның «жетекшісі – байлар» екенін айта келіп «Қазақ халқының кедейленуі мен қайыршылануынан кеңес өкіметіне келер пәлендей қауіп жоқ» деген тұжырым жасайды. Аталған қаулы бойынша республикада 700 шаруашылықты тәркілеу керек болды. Ресми құжаттар бойынша, Қазақстан аумағында 696 қазақ байларының қожалықтары тәркіленіп, оның ішінде 619 қожалық иелері өзінің тұрған мекенінен басқа жаққа жер аударылды. Олардан 144474 мың бас мал тартылып алынып, колхоз, совхоздарға бөлініп берілген (Қозыбаев, Алдажұманов, т. б., 1992:36).

В.В. Козина еңбегінде, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы кезеңдегі Қазақстан аумағындағы демографиялық процестерді қарастырады, халықтың саны мен таралуы, табиғи қозғалыс және көші-қон процестері, халықтың әлеуметтік құрылымдық қалыптасуы мен дамуы (ұлттық, әлеуметтік, жыныстық және жас құрамы және т.б.), деректер негізінде зерттелген (Козина, 2007:1975). Автор Қазақстандағы бұл трагедияның ауқымдылығын оның Республиканың Ұлттық экономикалық есеп бөлімі құрған 1930-1936 жылдардағы халықтың динамикасы дәлелдейді: 1930 ж. – 5873, 0 мың адам, 1931 жылы – 5114, 0 мың адам 1932 жылы – 3227, 0 мың адам 1933 жылы – 2493, 5 мың адам 1934 жылы – 2681, 8 мың адам 1935 жылы – 2926 мың адам 1936 жылы – 3287, 9 мың адам. Сонымен, Қазақстан халқы 1930-1936 жылдар аралығында 2, 585, 1 мың адамға азайды. Мұрағаттық құжаттар мен 1937 және 1939 жылдардағы халық санағының материалдарын демографиялық талдау нәтижесі, қазақ ұлтының ең қатыгез геноцидке және үлкен шығынға ұшырағанын көрсетеді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумы Комиссиясының мәліметтері бойынша, аштықтан және аштықтың салдарынан тараған эпидемиялардан, сондай-ақ халық арасындағы өлім-жітімнің үнемі жоғары болуынан қазақ халқы 2 миллион 200 мың адамынан айырылды, яғни жалпы адам өлімі шамамен 49% құрайды (Козина, 2007: 43).

Неміс ғалымы Роберт Киндлер зерттеуінде, Сталиннің реформаларының нәтижесі өте қайғылы болды, өйткені қақтығыс пен одан кейінгі аштық (1931-1933 жж.) Қазақстан халқының үштен бір бөлігін құрбан етті. Жүз мыңдаған көшпенділер босқынға айналды, ал бес жыл ішінде көшпенділердің мәдениеті жойылып, әлеуметтік жағдайы оңалмастай құлдырағанын дәлелдеді (Кендлер, 2018:328).

Американдық зерттеуші Сара Кэмерон: сталиндік режимнің ең ауыр қылмыстарының бірі – 1930-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық. Бұл аштық 1,5 миллионнан астам адамның өмірін қиды, бұл Қазақстан халқының төрттен бірін құрап, дағдарыс континентальды Еуропаның көлемін өзгертті. Алайда, бұл аштық туралы оқиға негізінен жасырын болып келгендігін айтты (Кэмерон, 2018). Сара Кэмерон кеңестік мемлекет пен коммунистік партияның құжаттарына, сондай-ақ орыс және қазақ тілдеріндегі ауызша тарих пен естеліктерге сүйене отырып, осы ашаршылық қырғыны аталған оқиғаны және оның Қазақстан қоғамы үшін ауыр зардаптарын ашады. Қазақтар арасындағы аштық қатыгездікпен кеңестік Қазақстанды құрды, шекаралары нақты белгіленген, жаңа қазақ ұлттық бірегейлігін қалыптастырды. Алайда бұл мемлекеттік жаңғырту жобасы біркелкі болған жоқ: Мәскеу күткендей Қазақстан да, қазақтар да кеңестік жүйеге енген жоқ. Аштық республикада Кеңес дәуірінің соңына дейін кетпейтін қара дақ қалдырды және оның 1991 жылы тәуелсіз мемлекетке айналуын қалыптастырды деген қорытынды жасады (Кэмерон, 2018).

Кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізілген ауыл шаруашылығын ұжымдастыру және осы негізде көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдарын отырықшыландыру, ауқатты шаруаларды мал-мүліктен айыру, салық саясаты мен қуғындау салдары қазақ халқын зор апатқа, демографиялық және экономикалық дағдарысқа ұшыратты, туған жерді тастап, ауа көшушілік жаппай сипат алды. Қазақтардың жаппай босқыншылыққа ұшырауы тек қана көшпелі және жартылай көшпелі аудандарды ғана қамтып қойған жоқ, ол отырықшы аудандарға да таралды. 1930 жылы туған жерін тастап 34 977 қожалық көшіп кеткен. Ал 1931 жылы 45 000 шаруашылық көше бастады (Талдыбаев, 2020). Осыған байланысты Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесі 1931 жылы наурызда «Қазақстан жерінен ауа көшумен күрес туралы» қаулы қабылдап, көршілес республикалардың үкімет басшыларына жедел хаттар жолдады. 1931 жылдың 7 ай ішінде Қаржы комиссариатының мәліметінде Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Орал, Сібір, Қытайға және Еділ бойына 213 мың қазақтың жер ауа көшкендігін деректер растайды (Талдыбаев, 2020).

1931-1933 жылдары Кузбас құрылысына 30 мың қазақ келіп орналасқан, ал сол жылдарда Сібірдегі қазақтардың жалпы саны 100 мыңға жуықтаған. Бұл республикадан тысқары ағылған босқындардың көші-қондық қозғалысына нақты дәлел бола алады. Қазақтар ең көп шоғырланған Омбы облысының жарамды жерінің 60 пайызын қазақ байлары басып алған. Славгород округінің қазақтарының бай-кулактары 4-5 пайыз, орта шаруалар 52 пайыз болса, мемлекет тарапынан көрсетілген көмекке қарамастан кедей шаруашылықтарының 20 пайызының көлігі де жоқ екендігі туралы дерек сақталған. 1928 жылдың қарашасында өлкенің ұлт істері жөніндегі кеңесі Славгород округіндегі кооперативтер қазақ шаруашылығының 21 пайызы, Омбыда – 29,3 пайыз, Бийскіде – 38 пайыз қамтылғандығын архив деректерін ғылыми айналымға енгізген автордың зерттеуі айғақтайды. 1932 жылы Сібірдің 16 ауданында 172 қазақ колхозы ұйымдастырылған болса, 1933 жылы бұл сан 90 пайызға жоғарылаған. Бұл деректе қазақ босқындарының көбі кері қайтпай республикадан тыс жерлерде қоныстап қалғандығын зерттеулер дәлелдей түседі (Талдыбаев, 2020).

1934 жылы Халық комиссарлар кеңесінің қаулысымен Қарақалпақстанға көшіп кеткен 7000 шаруашылықты Қазақстан жеріне кері көшіру туралы қаулы қабылданды. Қарақалпақ жерінен көшіп келгендер ұжымдастыру, аштық жылдары кеткен адамдар екенін деректер қуаттайды. 1934 жылы Ақмола қаласының аумағына Ленинград, Мәскеу, Орал, Солтүстік Кавказ, Батыс Сібір, Қиыр Шығыс, БКСР, УКСР, Днепропетровск, Донецк, Армян КСР, Өзбек КСР-нан 530 адам қоныс аударған. Оның 282-і ер адам, 248-і әйел адам болды. Ақмола, Семей, Орал, Атырау, Петропавл жерлеріне 1652 адам келіп, 7786 кері қайтқан. Сол жылы Қазақстанға келгендердің әлеуметтік құрамында мынандай әлеуметтік топ өкілдері бар: жұмысшылар, металл қорытушылар, кіші қызмет көрсетушілер, оқушылар, үй шаруасындағы әйелдер, 16-жасқа дейінгі жастар тағы

басқалары бар еді. 1936 жылы поляктарды қуғындау кезінде Украинадан Қазақстан территориясына 15 мың поляк және неміс шаруа қожалығы көшірілген (Енсенов, 2020:6). Кеңестік билік қазақ жеріне неміс, поляк шаруаларын күштеп көшіріп әкелумен қазақ жеріндегі мемлекетті құрушы қазақ халқын өз жерінде аз ұлтқа айналдыру саясатын жүзеге асыра бастады. Кеңестік қызыл империяның бұл саясаты 50-шы жылдарға дейін жалғасын тапты.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдарының басынан бастап Қазақстанның халық шаруашылығын социалистік жолымен құру барысында коммунистік партия «көсемдері» елді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын отырықшыландыру, ұжымдастыру, кеңестендіру саясатын жүргізуге мұрындық болып жүзеге асыруға кірісті. 1925 жылы Қазақстанға Ф. Голошекиннің келуі кеңестік реформаларды жеделдетті. Бірінші басшы «қазақ жері әлі патриархалді өмір сүруде», деген көзқарасын алға тартып, «Кіші Қазан» идеясын жүзеге асыруға білек сыбанып кірісті. Голошекиннің Қазақстандағы қызметі туралы академик Манап Қозыбаев: «Кешегі 20-30-шы жылдары қазақ сахарасын Сталиннің қаніпезер жендеті Голшекин биледі, қамырша иледі, ел азды, сарбаз тозды», деп ақиқатын айтты (Қозыбаев, 1998:95). Қызыл империяның байларға қарсы күресі, большевиктер партиясының «көсемдері» қолдан ұйымдастырған жасанды отырықшыландыру және күштеп ұжымдастыру саясаты, республикадағы қазақ халқының қолындағы төрт түлік малдарының бірін қалдырмай тартып алып, ұжымшардың меншігі етіп біріктіру науқаны, сондай-ақ астық және ет дайындау шаралары бұрын-соңды болмаған мал басының күрт азаюына алып келді. Большевиктер партиясының солақай саясатының ақыры қазақ халқын зұлмат қырғынға ұшыратқан ашаршылыққа ұласты (Қозыбаев, 2018:80). Бұл аштық көлемі жағынан Қазақстандағы 1918-1919 және 1921-1922 жылдары орын алған аштықтан асып түсті. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кем дегенде 2-ден 4 миллионға дейін адамның өмірін қиды, оның көпшілік бөлігі республика аумағында өлімге ұшырады: олар киіз үйлер мен қысқы тұрғын үйлерде аштықтан тұруға шамалары келмей ажал құрсауында қалды; азық табудың амалдарын іздеп босқандар жолдарда өлді; қалалар көшелерінде, шаруа ауылдарының маңында, кеніштер мен зауыттарда аштан бұратылғандар ақтық демдерінің таусылғандарын күтіп дәрменсіз күйде сұлқ түсіп жатты (Аяган, 2005:85). Қонысын тастап, Қазақстанмен көршілес өлкелерге көшкен қазақтардың мекен жайларынан келіп түскен, шамамен алынған соңғы деректерге қарағанда, қазір Орта Еділде – 40 мың, Қырғызстанда – 100 мың, Батыс Сібірде – 50 мың, Қарақалпақстанда – 20 мың, Орта Азияда 30 мың қазақ бар. Қонысынан ауғандар Қалмақстанға, Тәжікстанға, Солтүстік өлкеге және басқа да осы сияқты шалғай жерлерге көшіп кетті. Байлар бастаған бір қауым Батыс Қытайға ауды (Ырыскулов, 1998:320).

Алайда ұжымдастыру қарқыны ешқашан бәсеңдеген жоқ. 1930-1935 жылдар аралығында. Қазақстанда ұжымдастыру пайызы (шаруа қожалықтарының саны бойынша) 30,3% -дан 90,5% -ға дейін өсті. Бүкіл Қазақстан қарулы іс-қимылға ауысып, халықтық толқулардың ортасына түсті. 1929-1931 жылдар аралығында Қазақстанда 372 көтеріліс болды, оған 80 мыңға жуық адам қатысты. Созақ, Шемонаиха, Бұқтырма, Ырғыз, Қазалы, Қармақшы, Самара, Абралы, Биен-Ақсу, Шыңғыстау, Барібай, Қастек, Балқаш, Шұбартау, Маңғыстау және басқаларындағы шаруалар қозғалысы ерекше қайғылы даңққа ие болды. Көтерілістер республикадан тыс жерлерде, оның ішінде шетелдерде жаппай қоныс аударумен қатар жүрді (Козина, 2007:145). 1930 жылдың басынан бастап 1931 жылдың ортасына дейін ғана Қазақстан аумағынан 281 230 шаруа қожалықтары, олардың едәуір бөлігі Қытай, Иран және Ауғанстан аумағына қоныс аударды. Жалпы алғанда, ашаршылық жылдары республикадан тыс жерлерде 1130 мың адам қоныс аударды, оның 676 мыңы елге кері оралмай қалды. Ал 454 мыңы кейін Қазақстанға оралды. ОГПУ-дің тұрақты әскерлері мен органдарының күштері «бүлікші» халыққа қарсы аяусыз жазалау әрекеттерін жүргізді. 1929-1931 жылдардағы ірі көтерілістерге, тәртіпсіздіктерге қатысқаны үшін, тек ОГПУ органдары 5551 адамды соттады, олардың 883-і атылды (Козина,

2007:145). Тұтқындар саны туралы фрагменттік деректер лагерь контингентін едәуір толықтырғанын көрсетеді. Осылайша, Карлагта тұтқындар саны 1935-1936 жылдар аралығында 12 мың адамға (25127 адамнан 37958 адамға дейін) өсті. Орта Азия мен Қазақстан аймақтарындағы ұжымдастыруды аяқтау процесінің нәтижесі, 1936 жылғы Конституцияның қабылдануы қарсаңында барлық қылмыс түрлерімен күресті күшейту науқаны күшейді (Козина, 2007:145).

Неміс тарихшысы Роберт Киндлердің дерегінше, Қазақстанда төрт жыл ішінде ұжымдастыру кезінде ірі қара малдың 90% -ы жойылды. Сталиндік голодомор 1,5 миллион қазақтың өмірін қиды. 1930-1933 жылдар аралығында Қазақстанның әрбір төртінші тұрғыны қайтыс болды (Киндлер, 2018).

Қазақстандағы ашаршылық жайы туралы Р. Кендлер: 1930-1934 жылдар аралығында Қазақстан халқының кемінде төрттен бірі қайтыс болды. Ең көп зардап шеккен ұлт қазақтар 1,5 миллионнан астам адам аштықтан және аурудан қайтыс болды. Қазақ халқы үшін үлкен азап ауылдардан кеңес үкіметінің бұйрығымен құрылған «комиссияның» зорлықпен астықты алып, малды айдап әкетулерінен басталды. Азап шегу кең етек алды: сіз теміржол вокзалдарында жүдеу балаларды және жол шетіндегі мәйіттерді көре аласыз; бір үзім нан үшін қанды шайқастар басталды, отбасылық байланыстар үзілді және олар каннибализмге үйренді, деп ашық жазады (Р. Кендлер 2018:158).

Дабыл туралы ақпарат 1932 жылғы (тамыз) КАССР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы У. Исаевтың Сталинге жазған №60 хатында айтылған: «Көптеген қазақ облыстарында 1929 жылмен салыстырғанда халықтың жартысы да қалмады. Облыстағы шаруа қожалықтарының жалпы саны қазір 1931 жылмен салыстырғанда 23-25%-ға аз». Бүкілодақтық большевиктердің коммунистік партиясының Казкрайкомдағы ОГПУ ПП-нің ақпараттық ескертуінде «Атбасар аймағында өндірістік қиындықтар өте өткір формаларға ие болып жатыр. Аштықтың салдарынан ісіну мен өлімнің жаппай жағдайлары бар. 1 сәуірден 25 шілдеге дейін (1932 ж. - автор) 111 өлім тіркелді, оның 43-і шілдеде. Осы уақыт ішінде адам жегіштікке қатысты 5 жағдай атап өтілді ... »(Козина, 2007:42). Адамның жаны түршігетін, адамзатқа жат құбылыс каннибализмнің қоғамда орын алғандығы туралы мәліметтердің тіркелгендігін деректер айғақтайды. Мұндай жағдайдың туындауына бірден-бір себепші - И. Голощекин саясатының қылмысы – ашыққан халықты құтқару бойынша уақытылы шаралар қабылдамағаны (Абсаматов, 2014:84). Малы барлар үдіре көшіп кетіп қана қарабастарын аман алып қалуға мәжбүр болды. Голощекиннің: «Асыра сілтеу болмасын, аша тұйақ қалмасын», деген ұранын ұжымдастыру науқанын жүзеге асырған шолақ белсенділер, көшпей ата қоныстарында қалған байлар мен орташалардың да малдары мен дүние мүліктерін зорлықпен тартып алды (Кабульдинов, 2014:84). Сондықтан, 1931 жылдың күзінен бастап аштыққа ұшыраған қазақ халқының Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан аймағына қарай босқан көштің ағыны тоқтамаған. Бір жағынан халықтың жаппай ата мекеннен көшіп кету кеңестік биліктің ұжымшарлар құру саясатына ұжымдық наразылық пен қарсылық танытқан амалдарының бірі болса, екінші жағынан аштықтан өліп қалмаудың жалғыз ғана амалы көшіп кету болды. Е. Сыдықов дерегінше, 30-шы жылдары 1 миллион отандасымыз атамекендерін тастап көшіп кеткен (Сыдықов, 2010:4). Отандастарымызға көшіп барған жерлерінде жаңа тілдік және мәдени ортаға бейімделу қиын болды. 30-шы жылдары шекаралас республикалар аумағындағы босқындардың басына түскен ауру, аштық, беймәлім климаттың жақпайтын әсері, және т.б. қиындыққа тап қылған жағдайлардың салдарынан адамдардың жоғалуы көп болды. Мысалы, елден кеткен қазақ халқының кейбір бөлігі көрші Ресейде, оның шекаралас облыстарына көшіп барды. Жергілікті халықтың біраз бөлігі келген қазақтарға теріс көзқараста болатын: Ресейге Қазақстаннан адам жегіш адамдар келеді деген қауесет таралды. Бірақ Батыс Сібірдің басшылығы тарапынан бұл келеңсіздікті ауыздықтау бойынша белгілі бір шаралар қабылданып жүзеге асырылған.

